

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 қазан N 1552. Тақырыбы және мәтініндегі сөздер өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.01.31. N 165 қаулысымен. ~P010165 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.07.02. N 904 қаулысымен. ~P010904

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы ереже;
 - 2) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің құрылымы;
 - 3) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.
2. Мыналардың:
 - 1) "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 45 P000045_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 2, 18-құжат);
 - 2) "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің кейбір ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 тамыздағы N 1227

P001227_

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 18 қазандағы
N 1552 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда
министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау
жөніндегі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) өз құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы салааралық үйлестіруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ведомствосы болып табылады.

Комитеттің мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық бөлімшелері болады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, министрлік туралы ережеге, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің (мемлекеттік орган) ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғасы болып табылады, өзінің мемлекеттік тілдегі атауы жазылған мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіруге және егер ол осыған заңнамаға сәйкес уәкілетті болса, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқылы.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша, заңнамада белгіленген

тәртіппен, Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші бар бұйрықтармен ресімделген шешімдер қабылдайды.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Пушкин көшесі, 166/5.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (Мемстандарт)" мемлекеттік мекемесі.

8. Комитеттің құрылтайшысы - Қазақстан Республикасының Үкіметі,

Комитеттің құрылтайшылық құжаты - осы Ереже болып табылады.

9. Комитеттің және оның мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерінің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджетке жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасының стандарттау, сертификаттау мемлекеттік жүйелерінің жұмысын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру өлшем бірлігін және эталондық базасын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз ету;

5) стандарттау метрология және сертификаттау саласындағы біліктілікті кадрларды дайындауға қатысу;

6) мемлекеттік органдардың қызметін, жеке және заңды тұлғалардың біліктілігі мен кодтау жөніндегі техникалық экономикалық ақпаратын үйлестіру, өнімдерді тізілімдемелеу;

7) метрология саласындағы іргелі зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;

8) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын сақтауға, өнім сапасына, өлшем құралының жай-күйі мен қолданылуына, сондай-ақ сертификаттау және сынақ зертханалары, орталықтар бойынша тіркелген органдардың қызметіне мемлекеттік қадағалау жүргізуді ұйымдастыру;

9) сертификаттау сертификациялық сынаулар жөніндегі жұмыстарды, өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеуді және аттестациялауды, өлшем құралдарын, олардың үлгілерін бекіту мақсатында және бекітілген үлгіге сәйкестігін тексеруді және сынауды жүргізу құқығына мемлекеттік сертификаттау және ұйымдардың өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйелерінде тіркеу.

11. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобасын әзірлеуге қатысады және әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады, мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметін үйлестіреді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және халықаралық тәжірибені ескере отырып мемлекеттік стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сертификаттау жүйесін жетілдіреді және дамытады;

4) мемлекеттік эталондардың шамалар бірлігін құру, бекіту, сақтау және қолдану ережесін белгілейді, Қазақстан Республикасының эталондық базасын жетілдіреді;

5) республикадағы қолдануға рұқсат етілген шамалар бірлігін белгілейді;

6) өлшем құралдарына әдістері мен нәтижелеріне жалпы метрологиялық талаптарды анықтайды;

7) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында іргелі зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

8) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеудің және бекітудің тәртібін анықтайды, Қазақстан Республикасының негізгі стандарттарын әзірлеуді және Қазақстан

Республикасының мемлекеттік стандарттарын тиісті халықаралық және аймақтық стандарттармен үйлестіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

9) өлшем құралдарын салыстырып тексеру құқығына заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерін тіркеуді жүргізеді;

10) сертификаттау мен сертификациялық сынақ бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды тіркеуді жүргізеді;

11) сертификаттау бойынша сарапшы-аудиторлар ретінде мамандарды тіркеуді жүргізеді;

12) өлшемдерді орындау әдістемелерін аттестаттауға, өлшем құралдарын калибрлеуге, өнімдерді, өндірістік қызмет көрсетулерді және сапа жүйелерін, сертификациялық сынақтарды сертификаттау құқығына заңды тұлғаларды тіркеу тәртібін белгілейді;

13) өз құзыретінің шегінде заңды және жеке тұлғалардың қызметін лицензиялайды және берілген лицензиялар мен тіркеу аттестаттарының мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

14) стандарттау, метрология, сертификаттау, тіркеу сапа жүйесі, мемлекеттік қадағалау мен инспекциялық бақылау саласында мамандарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге қатысады; көрсетілген бағыттар бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарының оқу бағдарламаларын келіседі;

15) саудадағы техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

16) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарда өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

17) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарды тіркеуді белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасы стандарттарының мемлекеттік қорын, мемлекетаралық, аймақтық халықаралық және басқа елдердің ұлттық стандарттарын қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

19) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын, мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың ережелері мен ұсынымдарын шығаруды, қайта шығаруды және таратуды ұйымдастырады;

20) орталық, жергілікті атқарушы органдарды, басқа да ұйымдарды өнімге және шығарылатын өлшем құралдарына арналған, тіркелген нормативтік құжаттар туралы, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік кесім талаптарының өзгерістері туралы хабарлайды;

21) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарға мүше елдерге Қазақстанның пікірі бойынша сауда қатынастарында техникалық кедергілер келтіруі мүмкін әзірленіп жатқан жобалар мен қолданылып жүрген халықаралық және аймақтық нормативтік құжаттарға түсіндірмелер (пікірлер) жолдайды;

22) өнім сапасына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының, сертификаттау ережелерінің, метрологиялық ережелердің сақталуына мемлекеттік қадағалауды, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

23) Қазақстан Республикасының аумағына көптеп шығарылатын немесе топтап әкелінетін өлшем құралдарының үлгілерін бекітеді;

24) азаматтық және қызметтік қару-жарақ пен олардың патрондарының мемлекеттік кадастрын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ оны шығаруды және жүргізуді ұйымдастырады;

25) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен өзіне жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитет өзіне жүктелген негізгі міндеттерді өз құзыретінің шегінде іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеуге және дайындауға қатысуға;

2) стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем бірлігінің халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да ұйымдарға ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты және олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға қатысуға;

3) шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдарымен және шет елдердің заңды тұлғаларымен стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері жөнінде халықаралық шарттар жасасуға, келіссөздер жүргізуге және келісімдерге қол қоюға;

4) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер шығаруға, нұсқау беруге және орындалуы үшін міндетті шешімдер қабылдауға;

5) өнім сапасына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі органдардың және сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда болуға және

кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шаруашылық субъектілерін тексеруді жүзеге асыруға;

6) заңды және жеке тұлғаларға заңнамада белгіленген стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарының бұзылу фактілері анықталған кезде заңды және жеке тұлғаларға заңдарда белгіленген шаралар қолдану жөніндегі шешімдер қабылдауға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сатуға және пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайларда өнімдер мен тауарларды жою жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуға;

8) басқа мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы бірлескен жұмыстарға тартуға;

9) өлшем құралдарының үлгілері бекітілген сертификаттарын, тауардың шығу сертификаттарын беруге;

10) шетелдік сертификаттарды, тану шарттарын белгілеуге, сынақ орталықтарын, салыстырып тексеру зертханаларын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесіндегі сертификаттау жөніндегі органдарға тіркеу жүргізуге;

11) мемлекеттік органдармен және басқа да заңды тұлғалармен бірлесіп стандарттау, метрология және тіркеу саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құруға;

12) республикалық мемлекеттік кәсіпорындармен мемлекеттік басқару органы болуға, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға;

13) заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің оқшауланған мүлікті жедел басқару құқығы бар.

Комитеттің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және құны Комитеттің меңгерімінде көрсетілетін, мүліктің негізгі және өзге де қорларынан тұрады.

14. Комитетке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төраға бір мезгілде Қазақстан Республикасының стандарттары мен өлшем құралдарын қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікте болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің және оның стандарттар мен өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерінің, өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларының функциялық міндеттері мен өкілеттігін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Комитет аппаратының қызметкерлерін, стандарттар мен өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін, стандарттар мен өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын марапаттайды, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері, стандарттар мен өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелер туралы ережелерді, өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың Жарғыларын (Ережелерін) бекітеді;

6) мемлекеттік мекемелерде және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан

өкілеттік етеді;

7) құрылымдық бөлімшелердің, стандарттар мен өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерінің және өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін үйлестіреді және бақылайды;

8) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Комитет жанынан санын және жеке құрамын Комитеттің төрағасы бекіткен консультативтік-кеңес органы-алқа құрыла алады. Алқаның құрамына Комитет аппаратының қызметкерлері мен ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың басшылары кіре алады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 18 қазандағы
N 1552 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі
комитетінің құрылымы

Басшылық

Стандарттау, метрология мен сертификаттау басқармасы

Аккредиттеу және сапа жүйелері бөлімі

Қаржы, кадр жұмысы және халықаралық ынтымақтастық бөлімі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 18 қазандағы
N 1552 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі
комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі

Р/с ! Кәсіпорын атауы ! Орналасқан жері
N ! !

-
1. "Қазақстан метрология Астана қаласы
институты (ҚазМетрИн)"
шаруашылық жүргізу
құқындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

2. "Қазақстан стандарттау мен сертификаттау институты (ҚазСтИн)"
шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Астана қаласы

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.